

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 398 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1092 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 1 және 2-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірлері 21 және 22-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

21.	Акваөсіру туралы	ЭТРМ	тамыз	қыркүйек	қараша	Н.Қ. Шәрбиев
22.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне акваөсіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭТРМ	тамыз	қыркүйек	қараша	Н.Қ. Шәрбиев

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 26 және 27-жолдармен толықтырылсын:

"

26.	Қазақстан Республикасының Су кодексі	ЭТРМ	қыркүйек	қазан	желтоқсан	Ғ . А . Азидуллин
27.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су ресурстарын қорғау және пайдалану	ЭТРМ	қыркүйек	қазан	желтоқсан	

мәселелері бойынша өзгерістер м е н толықтырулар енгізу туралы					Ғ . А . Азидуллин
---	--	--	--	--	----------------------

”;
”.

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында "ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
”.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК